



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 17 ақпаны

KASE 2020 жылдағы белсенді Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды және БАҚ өкілдерін марапаттады

Қазақстан қор биржасы (әрі қарай – Биржа, KASE) 2020 жылдың 17 ақпанында 2020 жылдың қорытындысы бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізген Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды – айқындылыққа ұмтылғаны үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін (БАҚ) қор нарығын жазба бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурсында белсенді жариялағаны үшін жыл сайынғы марапаттау салтанатын өткізді.

KASE мүшелері

Биржа мүшелері арасында "Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл андеррайтері" номинациясы бойынша жеңімпаз "Қазақстан Халық Банкі" АҚ еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ болды. 2020 жыл бойы "Halyk Finance" АҚ облигациялар шығарылымының ең үлкен көлемі саны бойынша андеррайтері болды.

"Акциялар нарығы көшбасшысы" және "Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ 2020 жылды акциялар нарығында да облигациялар нарығында да жеңімпаз биржалық нарықтың осы секторында үлкен сауда-саттық белсенділігін көрсетті. Компания 2020 жылды белсенділік коэффициенті ($Ka=3,80$) аяқтады.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" номинациясында биржалық нарықтың осы секторында $Ka=2,31$ белсенділік коэффициентімен ең үлкен сауда-саттық белсенділігін көрсеткені үшін "Фридом Финанс" АҚ жеңімпаз деп танылды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша "Шет елдік валюталар нарығының көшбасшысы" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ жеңімпаз деп танылды.

"Акциялар нарығында жыл маркет-мейкері" номинациясында бес атаулы акциялар бойынша маркет-мейкер ретінде "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ марапатталды. Компанияның маркет-мейкерлік мәмілелер көлемі 2 млрд теңгеден астам соманы құрады, мәміле саны – 1 мыңдай.

"Корпоративтік облигациялар нарығында жыл маркет-мейкері" номинациясында Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ марапатталды. Ол 2020 жылы корпоративтік облигациялардың 14 шығарылымы бойынша маркет-мейкер міндеттемелерін орындады, маркет-мейкерлік баға белгілеу көлемі – 170 млн теңгені құрады.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы жыл маркет-мейкері" номинациясында ең белсенділік көрсеткен "Фридом Финанс" АҚ болды.

"Инвесторларды тартудағы айтарлықтай үлесі үшін" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ жаңа белсенді сауда-саттық шоттары саны көп болғаны үшін жеңімпаз атанды. 2020 жылы "Фридом Финанс" АҚ ашық белсенді шоттар саны 7 393 құрады.

"Үздік қаржы кеңесшісі" номинациясында "Halyk Global Markets" және "Halyk Finance" АҚ марапатталды. 2020 жылы компаниялар бес эмитенттің 18 бағалы қағаздардың шығарылымын листингілеу кезінде қаржы кеңесшісі ретінде қатысты және жеті эмитенттің бағалы қағаздарының 12 шығарылымына сәйкесінше қатысты.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторын дамытуда қосқан үлесі үшін" номинациясы бойынша "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ марапатталды. Соңғы үш жылда "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ХҚО облигацияларының үлкен көлемін орналастырды.

"Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттықтың үлкен көлемі" номинациясында "SkyBridge Invest" АҚ марапатталды, оның клиенттерінің қатысу үлесі акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан қатысу үлесі 44 % бағаланды.

"Қытай юані биржалық нарығын дамуындағы қосқан үлесі үшін" номинациясында "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес Банкі, "Ресей рублі биржалық нарығын дамуындағы қосқан үлесі үшін" номинациясында "Сбербанк России" АҚ еншілес Банкі, тиісті валюталық жұптары бойынша ең үлкен мәміле көлемін жасаған сауда-саттыққа қатысушылар ретінде марапатталды.

KASE Листингілік компаниялары

2020 жылдың қорытындысы бойынша "Айқындылыққа ұмтылысы үшін" дипломдарымен:

- қаржы секторы компаниялары: "ForteBank", "Қазақстан Даму Банкі" АҚ және "Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ марапатталды;
- қаржы емес секторы компаниялары: "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ және "КазТрансОйл" АҚ және "KEGOC".

Аталмыш компаниялар ақпарат ашудағы белсенділік және ашылған құжаттардың ақпараттылығы бойынша алдыңғы қатарға шығып отыр.

БАҚ өкілдері

KASE сондай-ақ, 2020 жылы Қазақстанның қор нарығы және KASE қызметі тақырыбын белсенді қозғаған БАҚ өкілдерін дипломдармен марапаттады. Аталған журналистер материалды жоғары кәсіби деңгейде түсінікті әрі қызықты етіп бере білді.

"Баспа бұқаралық ақпарат құралдарындағы үздік мақала" номинациясы бойынша диплом Динара Бекмағанбетова ("Курсив" газеті) және Ирине Ледовскихке берілді.

"Интернет-ресурстарындағы үздік материал" номинациясында Елена Тумашова ("Inbusiness.kz" ақпараттық агенттігі) және Милана Бейноева ("LS Aqparat" ақпараттық агенттігі).

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі. Сондай-ақ БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қатысушы..

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz